

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 16 тамыздағы № 132 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 тамызда № 19259 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 71 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.05.2020 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Тәуекелдер департаменті (Ізбасаров А.Ө.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-

тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Сыртқы коммуникациялар баспасөз қызмет департаменті осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы:

1) Тізбенің 1-тармағының 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін үшінші абзацын;

2) Тізбенің 1-тармағының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін сегізінші-отыз сегізінші, тоқсан бесінші-жүз жиырмасыншы абзацтарын, 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Е. Досаев

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 16 тамыздағы
№ 132 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

- 1) және 2) тармақшалар алып тасталсын;
- 16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;
- 19) тармақша алып тасталсын;
- 41) тармақша алып тасталсын;
- 60) тармақша алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 11-қосымшаға сәйкес бекітілген "Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – 50 (елу) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

Егер оларды қарау барысында осы құжаттарда көрсетілетін қызметті алушы немесе оның қызметі туралы дәйексіз мәліметтердің бар екені, ұсынылған құжаттардың заңнаманың талаптарға сәйкес келмеуі анықталса, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылған мәліметтердің дәйектілігін тексеру қажет болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған өтінішті және құжаттарды қарау мерзімін тоқтата тұрады.

Көрсетілетін қызметті алушы ескертулерді жойғаннан және құжаттарды ұсынғаннан кейін оларды қарау мерзімі жаңартылады. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды келесі қарауы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) көрсетілетін қызметті берушінікі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру кестесі – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;"

24-тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті органның қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау туралы не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешімі қабылданғанға дейін немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі (трансфер-агенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға және оның орынбасары), бас бухгалтері, ірі қатысушы - жеке тұлға, қаржы ұйымның ірі қатысушысы - заңды тұлғаның басшысы болған адамдар өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруды тоқтатуға алып келген қаржы ұйымын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп иелену туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін немесе қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл бойы қолданылады;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы.

Көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның қаржылық жағдайы тұрақсыздығының белгісі мынадай жағдайлардың бірі болып табылады:

көрсетілетін қызметті алушы заңды өтініш берілген күннен бастап кемінде екі жыл бұрын құрылған;

көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелері басқа заңды тұлғалардың акциялары мен жарғылық капиталына орналастырылған активтері мен қатысу үлесінің және инвестициялық портфельді басқарушының сатып алу үшін болжанған акцияларының сомасын шегергенде, оның активтерінен асатын болса;

көрсетілетін қызметті алушының мүлкінің құны (көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерін шегергенде) инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын иелену үшін жеткіліксіз болса;

аяқталған әрбір соңғы екі қаржы жылының нәтижелері бойынша залал шексе;

көрсетілетін қызметті алушы міндеттемелерінің мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жай-күйін айтарлықтай тәуекелге ұрындыратындай болса;

көрсетілетін қызметті алушының инвестициялық портфельді басқарушының алдында мерзімі өткен және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының балансына жатқызылған берешегінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алушының қаржылық салдарларын талдау көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің нашарлайтынын болжаса;

көрсетілетін қызметті алушының қаржылық жай-күйінің тұрақсыз екенін және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушыға және (немесе) ерікті жинақтаушы қорының салымшыларын (алушыларына) нұқсан келтіру мүмкіндігін куәландыратын өзге де негіздер;"

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) уәкілетті орган банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде тұлға бұрын ірі қатысушы-жеке тұлға не ірі қатысушы-заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не табылатын жағдайлар негіз болып табылады. Көрсетілген талап уәкілетті орган банкті төлеуге қабілетсіз банктер санатына жатқызу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының кірісі және мүлкі туралы, сондай-ақ барлық міндеттемелері бойынша берешегінің болуы туралы ақпарат Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 46-қосымшаға сәйкес бектілген "Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі: олар тапсырылған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісіммен бірге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, шет мемлекеттің аумағындағы эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруға рұқсат беру туралы сұрау салу;

2) мынадай ақпаратты көрсете отырып шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы көрсетілетін қызметті алушы органы шешімінің көшірмесі:

көрсетілетін қызметті алушының толық атауы;

аумағында көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын орналастыру жүзеге асырылатын мемлекеттің (мемлекеттердің) атауы;

орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі, кепілгерді көрсете отырып қамтамасыз етудің немесе кепілдіктің болуы және түрі, номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (қолданылатын болса) және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (бар болса);

шығарылымның болжамды көлемі және валютасы;

осы эмиссиялық бағалы қағазбен берілетін құқықтар;

осы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, төлеу мерзімділігі, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде көзделген эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының маңызды талаптарына қатысты мәліметтер;

шет мемлекеттің аумағында орналастыру кезіндегі сияқты орналастыру талаптарымен Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы арқылы облигацияларды сатып алуға ұсыныс беру;

базалық активі көрсетілетін қызметті алушының акциялары болып табылатын акцияларды немесе туынды бағалы қағаздарды осы акциялардың жалпы санының кемінде жиырма пайызын Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы арқылы сатып алуға ұсыныс беру;

борыштық бағалы қағаздар шығарылымының талаптарында уәкілетті орган төлемге қабілетсіз банкті реттеу шараларын қолданған жағдайда борыштық

бағалы қағаздар мәжбүрлеп қайта құрылымдалуы мүмкін екені туралы ережелер қамтылады (шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент банкі көрсетеді не егер шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығару талаптарында Қазақстан Республикасының резидент банкінің кепілдігін беру көзделген болса);

борыштық бағалы қағаздар шығарылымының талаптарында төлемге қабілетсіз банкке реттеу шаралары қолданылған жағдайда борыштық бағалы қағаздарды ұстаушылардың өздерінің алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқығы жоқ екені туралы ережелер қамтылады (шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент банкі көрсетеді не егер шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығару талаптарында Қазақстан Республикасының резидент банкінің кепілдігін беру көзделген болса);

3) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінің мынадай секторларында (санаттарында) болуын растайтын құжаты:

уәкілетті орган тіркеген облигациялар шығарылымы – "Негізгі" алаңының " борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатында не " Баламалы" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатында;

уәкілетті орган тіркеген акциялар шығарылымы – "Негізгі" алаңының " акциялар" секторының "премиум" санатында не "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "стандарт" санатында, не "Баламалы" алаңының "акциялар" секторында;

не қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығару жоспарланып отырған бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің мынадай секторларына (санаттарына):

облигациялар шығарылымы – қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатына;

акциялар шығарылымы – қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатына не "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "стандарт" санатына, не "Баламалы" алаңының "акциялар" секторына енгізуге келісімін растайтын құжаты;

4) көрсетілетін қызметті алушы орналастыруға рұқсат алуға арналған құжаттарды ұсыну күніне шығарылымы тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алуға арналған мәліметтерді ұсынады;

5) көрсетілетін қызметті алушы базалық активі көрсетілетін қызметті алушының орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын туынды эмиссиялық бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге туынды бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздардың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың болуы туралы орталық депозитарийдегі жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздардың жеке шотынан орталық депозитарийдің үзінді-көшірмесін ұсынады.

"Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында Қазақстан Республикасының резидент ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын және (немесе) базалық активі осы бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздарды бірмезгілде шығарған және (немесе) орналастырған жағдайда осы тараудың талаптары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.";

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) (электрондық құжат түрінде), 3), 4) және 5) тармақшаларында (PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық құжат нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат беру туралы сұрау салуға қоса беріледі.";

Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында жасалған, шет мемлекеттің аумағындағы эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруға рұқсат беру туралы сұрау салумен толықтырылсын;

қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында орналастыруға рұқсат алу үшін мәліметтер Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 47-қосымшаға сәйкес бекітілген "Шет мемлекеттің аумағындағы Қазақстан Республикасының резидент-ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: олар ұсынылған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісіммен бірге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға рұқсат беру туралы сұрау салу;

2) мынадай ақпаратты көрсете отырып шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару туралы көрсетілетін қызметті алушы органы шешімінің көшірмесі:

көрсетілетін қызметті алушының толық атауы;

эмиссиялық бағалы қағаздарының шығарылуы жүргізілетін ережелер мен қағидалардың атаулары көрсетіле отырып, заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару жүзеге асырылатын мемлекеттің атауы;

шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың түрі, кепілгерді көрсетумен қамтамасыз етудің немесе кепілдіктің болуы және түрі, номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (қолданылатын болса) және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (бар болса);

шығарылымның болжамды көлемі және валютасы;

осы эмиссиялық бағалы қағазбен берілетін құқықтар;

осы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, төлеу мерзімділігі, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде көзделген эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының маңызды талаптарына қатысты мәліметтер;

базалық активі осы көрсетілетін қызметті алушының акциялары болып табылатын акцияларды немесе туынды бағалы қағаздарды осы акциялардың жалпы санының кемінде жиырма пайызын Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы арқылы сатып алуға ұсыныс беру;

борыштық бағалы қағаздар шығарылымының талаптарында қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) төлемге қабілетсіз банкті реттеу шараларын

қолданған жағдайда, борыштық бағалы қағаздар мәжбүрлеп қайта құрылымдалуы мүмкін екені туралы ережелер қамтылады (шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент банкі көрсетеді не егер шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығару талаптарында Қазақстан Республикасының резидент банкінің кепілдігін беру көзделген болса);

борыштық бағалы қағаздар шығарылымының талаптарында төлемге қабілетсіз банкке реттеу шаралары қолданылған жағдайда, борыштық бағалы қағаздарды ұстаушылардың өздерінің алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқығы жоқ екені туралы ережелер қамтылады (шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығаруды және (немесе) орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент банкі көрсетеді не егер шет мемлекеттің аумағында борыштық бағалы қағаздарды шығару талаптарында Қазақстан Республикасының резидент банкінің кепілдігін беру көзделген болса);

3) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінің мынадай секторларында (санаттарында) болуын растайтын құжаты:

уәкілетті орган тіркеген облигациялар шығарылымы - "Негізгі" алаңының " борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатында не " Баламалы" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатында;

уәкілетті орган тіркеген акциялар шығарылымы - "Негізгі" алаңының " акциялар" секторының "премиум" санатына не "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "стандарт" санатына не "Баламалы" алаңының "акциялар" секторында;

не қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығару жоспарланып отырған бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің мынадай секторларына (санаттарына):

облигациялар шығарылымын - қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторының "облигациялар" санатына;

акциялар шығарылымын - қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар " секторының "премиум" санатына не "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "стандарт" санатына не "Баламалы" алаңының "акциялар" секторына енгізуге келісімін растайтын құжаты.

"Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында Қазақстан Республикасының резидент ұйымының эмиссиялық бағалы қағаздарын және (немесе) базалық активі осы бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздарды бірмезгілде шығарған және (немесе) орналастырған жағдайда осы тараудың талаптары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.";

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) (электрондық құжат түрінде) және 3) тармақшаларындағы (PDF форматындағы құжаттың электрондық көшірмелері түрінде) көрсетілген құжаттар электрондық құжат нысанда жасалған, көрсетілетін қызметті алушының эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекеттің аумағында шығаруға рұқсат беру туралы сұрау салуға қоса беріледі.";

Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында жасалған, шет мемлекеттің аумағындағы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға рұқсат беру туралы сұрау салумен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 48-қосымшаға сәйкес бекітілген "Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы актіні беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін жіберу "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: 25 (жиырма бес) жұмыс күні ішінде;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы (бұдан әрі - рұқсат) рұқсатты қоса берумен актіні беру туралы хат не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған көрсетілетін қызметті берушінің атына кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы рұқсат алу үшін өтініш:

2) мыналарды қамтитын көрсетілетін қызмет алушының қызметін жүзеге асыру жөніндегі бизнес-жоспар:

көрсетілетін қызмет алушы қызметінің сипаттамасы;

кредиттік тарихтарды қалыптастыру бойынша ақпараттық процестерді ұйымдастырудың тәртібі мен мерзімдері;

баға саясаты және кредиттік есептерге тарифтерді есептеу тәртібі;
кірістер мен шығыстар туралы таяудағы 3 (үш) жылға арналған болжам;
көрсетілетін қызмет алушының қызметін дамытудың перспективалық жоспарлары;

3) белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен құрылтайшы құжаттардың көшірмелері.

10. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар PDF форматындағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.";

Қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына рұқсат және кредиттік тарихтардың деректер базасын, пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі кредиттік бюроға және үй-жайларға қойылатын талаптарға кредиттік бюроның сәйкестігі туралы актіні беру туралы өтініш Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Коллекторлық агенттіктерді есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16571 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Коллекторлық агенттіктерді есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

9-тармақта:

бірінші бөліктің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюромен жасалған ақпарат беру туралы шарттың көшірмесін;"

екінші және үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көзделген, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп және тігіліп ұсынылады.

Құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының осындай құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды адамдардың қол қоюымен расталады."
";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өтініш Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының құрылтайшысы (қатысушысы) - заңды тұлға туралы мәліметтер Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама түрде иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылаудағы тұлғалар туралы мәліметтер Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борышкерлермен және (немесе) олардың өкілдерімен және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасатын қызметкерлер туралы мәліметтер Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем ұйымдарына көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16583 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Төлем ұйымының акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін) Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Төлем ұйымының акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер (жеке тұлға үшін) Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Төлем ұйымының атқарушы органның басшысы (мүшелері) туралы мәліметтер Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі
Басқармасының мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер
мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
қаулыларының тізбесіне
1-қосымша
"Инвестициялық портфельді
басқарушының ірі қатысушысы
мәртебесін иеленуге келісім
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

**Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлға, көрсетілетін қызметті алушы
заңды тұлғаның басшы қызметкері туралы қысқаша деректер _____
(
қаржы ұйымының атауы)**

1. Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі

2. Азаматтығы

3. Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректері

4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

5. Пошталық мекенжайы және (немесе) жұмыс орнының орналасқан жері,
байланыс телефоны

6. Жұбайы, жақын туыстары (ата-анасы, ағасы, інісі, қарындасы, балалары)
және жекжаттары (ата-анасы, ағасы, інісі, қарындасы, ерлі-зайыптылардың
балалары) туралы мәліметтер:

Тегі, аты және	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны	Заңды тұлғалардың атауын көрсете отырып, жарғылық капиталға қатысу сомасы/ сатып	Осы тұлғаға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі % (пайызбен)	
					Жеке иелену	Бірлесіп иелену
						заңды тұлғаның

	әкесінің аты (ол бар болса)		және лауазымы	алған акцияларының құны (мың теңге)	тікелей	жанама	пайыз	атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)
1								
2								

7. Білімі:

Оқу орнының атауы	Түскен күні - аяқтаған күні	Мамандығы	Білімі, біліктілігі туралы диплом деректері	Оқу орнының орналасқан жері

8. Соңғы үш жылдағы семинарлардан, курстардан өткендігі туралы мәліметтер:

Ұйымның атауы	Өткізілген күні және орны	Сертификат деректері

9. Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

Жұмыс кезеңі	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік жазаның болуы	Жұмыстан шығару, қызметінен босату себептері

10. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, холдингті консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиядан айыру, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін кемінде 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғаның немесе көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің бұрын қаржы ұйымының (банк немесе сақтандыру холдингінің) басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның (тіркеуші трансфер-агенттің атқару органының функциясын жеке жүзеге асыратын адам және оның орынбасары) басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, жеке тұлға - ірі қатысушысы, заңды тұлға - ірі қатысушысының басшысы және (немесе) қаржы ұйымының (банк немесе сақтандыру холдингінің) басшы қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтер"

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

11. Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғаның немесе көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның басшы қызметкерінің төрт және қатарынан одан астам кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купонды сыйақыны төлеу бойынша дефолт жіберген не дефолт жіберген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купонды сыйақыны төлеу бойынша берешек сомасы купонды сыйақының төрт еселік және (немесе) және одан астам мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі дефолт мөлшері төлеу күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын, бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, жеке тұлға ірі қатысушы (ірі акционер), эмитент заңды тұлға ірі қатысушының (ірі акционердің) басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылғаны туралы мәліметтер"

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

12. Уәкілетті органның басшы қызметкерді тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алу және қаржы ұйымындағы, банктік және сақтандыру холдингтеріндегі, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамындағы басшы және өзге қызметкерді қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетугі туралы деректердің болуы

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді

қайтарып алуға негіздеме және осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы көрсетілсін)

13. Тағайындалған (сайланған) күнге дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды ма:

(ия (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы,

жауапкершілікке тарту негіздемелерін көрсете отырып,

тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері)

14. Жарияланымдары, ғылыми әзірлемелері және басқа да жетістіктері: _____

Осы өтініште қамтылған ақпаратты өзімнің тексергенімді және оның дәйектілігі мен толықтығын растаймын, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделдің болуын растаймын. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы – жеке тұлға _____

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса),
баспа әріптермен толтырылады)

(қолы)

Көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлғаның басшы қызметкерінің (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

(басшы қызметкер өз қолымен баспа әріптермен толтырады)

(қолы)

Көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы

(тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), баспа әріптермен толтырылады)

(қолы)

Күні

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтер мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
қаулыларының тізбесіне
2-қосымша
"Инвестициялық портфельді
басқарушының ірі қатысушысы
мәртебесін иеленуге
келісім беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлғаның, көрсетілетін қызметті алушы - заңды тұлғаның басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер

1. Алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы туралы мәліметтер

Күні	С о т органының атауы	Соттың орналасқан жері	Жаза түрі	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің не Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің бабы	Соттың процессуалдық ш е ш і м қабылдаған күні

2. Көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушы не басшы қызметкер болып табылған кезеңде заңды тұлғаның қаржылық жағдайының нашарлауы немесе банкротқа ұшырауы фактілерінің болуы:

3. Қаржы ұйымымен үлестес болуы (болмауы): _____

(ия (жоқ), үлестес болу белгілерін көрсету қажет)

4. Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат: _____

Осы ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті әрі толық екенін растаймын.
Көрсетілетін қызметті алушы - жеке тұлға

